



4-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Ж.Ж. Руссо





Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Ж.Ж. Руссо

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Жанашырлық, аяныш озбырлық пен соғыстың тежеуші күші

Руссо адам бойындағы табиғи мейірім жөнінде оптимистік тұжырым айтпаса да, бұл көзқарасының өзі осы бағытқа жасалған маңызды қадам еді. Гоббс пен Локк сияқты, ол да адам ең әуелі өзін-өзі сақтап қалуға ынталы деп есептейді. Алайда, мәселе бұнымен бітпейді деп есептейді. Гоббс пен Локк адам ынтасының басты қырын - жанашырлық пен аянышты естен шығарып алды, сондықтан олар табиғи күйдегі конфликтінің орын алу мүмкіндігін асыра бағалады. Руссоның пікірінше, әр адамда өзі сияқты жаратылыс түрінің азап шеккенін көргенде жиренетін туа бітті қасиет бар. (Теңсіздіктің пайда болуы туралы пікір). Ол бұл әріне «Бұл табиғи нәрсе, тіпті кейде хайуандардың өзінен осындай қасиет белгілерін байқауға болады» дегенді де қосады.

Сондықтан Руссо жанашырлық пен аяныш озбырлық пен соғыстың алдын алатын қуатты тежеуші күш деп есептейді.

Аяныш сезімі бізді азап шеккен жанға ойланбастан көмек көрсетуге итермелейді; аяныш сезімі табиғи күйде Заңның, моральдың және рақымшылықтың орнын басады, және ешкім де оның ықпалынан шыға алмайды: аяныш сезімі нәпақасын басқа жерден табатынына үмітті кез-келген Жабайы адамды әлсіз сәби мен қарттың асқан қиындықпен тапқан тамағын тартып жеуден тежейді. (Теңсіздіктің пайда болуы туралы пікір 154)

Қоғам негіздерін зерттеген философтардың барлығы да табиғи күйге оралу қажеттігін сезінді, бірақ ешқайсысы бұл мақсатқа жете алмады. Олар жоқшылық, ашкөздік, қанау, адамның қалауы мен менмендігін үнемі тілге тиек ете отырып, қоғамнан алынған идеяларды табиғи жағдайға әкеп терімек болды; Жабайы адам туралы айта отырып, Азаматтық адамды бейнеледі.

Руссо, Теңсіздіктің пайда болуы туралы пікір [1755], Кембридж Кембридж Университетінің Баспасы, 1997), 132

Гоббстың табиғи күй туралы пессимистік тұжырымдарына бой алдырмаудың бір жолы - оны басқа негіздерден қарастыру. Біз адамның табиғаты мен мотивациясына қатысты мүлде басқа теорияға сүйенсек, мемлекетсіз өмір әлдеқайда жағымды көрінер еді. Гоббстың пікірінше, адамдар үнемі бақытты іздеумен болады; яғни болашақта пайда болуы мүмкін кез-келген қалауын орындауға көмектесетін күшке ұмтылады.

Дефицит жағдайында бұл мәселеге адамдардың айналасындағыларға қатысты қорқынышы мен күдігі қосылып, соғыс жағдайының артықшылықтарын көрсететін аргументке айналады. Бірақ, Гоббс қателесті деп болжап көрелік. Мысалы, қолыңнан келсе, басқаларға шын көңілмен көмектесу адамның табиғатына тән делік. Адамдар тіршілік үшін күресте бәсекелесудің орнына біріне-бірі көмек қолын созып, өзгелердің жайлы күн кешуі үшін қолынан келгенді жасап бағады делік. Егер жағдай осылай болса, табиғи күй мүлде басқаша сипатта көрінер еді.

Адамның өркениет сатысына жетуі – өкінішті жағдай

Руссо, бүгінгі қоғамның ықпалымен қалыптасқан және азғындаған адамдар табиғи күйге түссе, олардың дәл Гоббс бейнелегендей әрекет ететіндеріне күмән келтірмейді. Алайда, Гоббс та, Локк та қоғамдағы адамның қасиеттерін (тіпті буржуазиялық қоғамдағы адамның) жабайы адамға таңды. Яғни, олар әлеуметтенген қасиеттерді табиғи (туа біткен) қасиеттер деп бейнеледі.

Руссо осы екінші тұжырымды ұстанады. Біз өзін-өзі қорғауға бейім әрі аяныш сезіміне бой алдырған «жабайы адамның» қандай әрекетке баратынын түсінсек, онда табиғи күй Гоббс бейнелеген соғыс жағдайынан әлдеқайда басқаша болар еді, тіпті, кейбір мәселелерде бүгінгі өркениетті өмірге қарағанда әлдеқайда жақсы болар еді. Бұл Руссоның табиғи күйге оралуды қолдайды дегенді білдірмесе керек, өйткені бұл қоғамның әсерімен қалыптасқан адамдар үшін мүмкін емес. Қанша дегенмен, Руссо үшін адамның өркениет сатысына жетуі - өкінішті жағдай. Руссо адамзаттық прогресске тым теріс көзқараста болды. Оның білім туралы трактаты, Эмиль (1762) былай басталады: «Құдай барлық затты жақсылық үшін жаратты; бұған адам араласса, зұлымдыққа айналады». Ол өзінің ертеректе жазған «Өнер және Ғылым туралы пікір» (1750) атты эссесінде, өнер мен ғылымның дамуы адамдарды моральдық тұрғыдан тазартудың орнына, азғындатты деген тұжырым айтады.

Руссоның «табиғи күй» түсінігінің негізі

Руссоның адамдар жанашырлық пен аяушылық сезімдерінің арқасында жақсылыққа ынталы деген пікірінің «табиғи күйде адамдар көбіне бір-бірінің құқықтарын құрметтейді» деген Локктың



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Ж.Ж. Руссо

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

көзқарасынан ерекшеленетінін баса айту керек. Гоббс сияқты Руссо да табиғи күйде заңға, құқыққа және моральға орын жоқ деп есептейді, сондықтан да ол біздің моральдық заңға бағынуымызға табиғи негіз бар деп айта алмайды. Алайда, Гоббспен Локктан бір айырмашылығы, оның мына пікірінде: Біз әдетте, басқаларға зиянымызды тигізбеуге тырысамыз, біреуге залал келтіру моральға қайшы болғандықтан емес, оның себебі келтірілген залалға жиіркенішпен қарайтынымызда жатыр, тіпті келтірілген зиянның бізге қатысы болмаса да, бәрібір. Біз басқаларға аяушылықпен қараймыз және олардың шеккен азабы бізді қынжылтады. Сондықтан біз мұның алдын-алу үшін, қолымыздан келетінін жасаймыз.

Руссо

Руссоның «жабайы адамы»

Адамдар жаратылысынан бір-біріне жиі-жиі тілектестікпен қарайды деу шындыққа жанасады. Алайда, бұл жағдай үкімет жоқ кезде соғыс өртін тұтандырмауға жеткілікті бола ма? Мәселенің қиындығы ол - Руссо табиғи адамға өзін-өзі сақтау мен жанашырлық сезімдерін теліп отыр, ал бұл екеуінің конфликтіге баруы әбден мүмкін. Егер біреудің қолында менің аман қалуыма кепіл болатын маңызды нәрсе болса және мен оны тек оған зиян келтіріп қана ала алатын болсам, мені жабайы адам деген дұрыс шығар, не істер еді? Әрине, кез-келген жаратылыстың өзінен бұрын басқа біреудің амандығын ойлауы өте сирек кездеседі және азық-түлік тапшы болса, жанашырлық сезімінің жоғалатыны анық. Дегенмен, Руссо мұны мойындайды. Жабайы адамның нәпақасын басқа жерден табатынына үміттенсе ғана, аяушылық сезімі оны әлсіз немесе ауру адамды тонаудан тоқтатады. Алайда, бұған үміт жоқ болса не болмақ? Онда тапшылық қысқан кезде, бәлкім, біздің азабымыз екі есеге артатын болар. Біз соғыс жағдайының қиындықтарын көріп қана қоймай, өз жақындарымызға тигізген залалымыздан да жанымыз түршігер еді. Алайда, ең бастысы мынада: Тапшылық қысқан кезде табиғи жанашырлық сезімі соғыс қаупінің бетін қайтара алмайды. Руссо жабайы адамның қалауының көп емес екенін айтады және ол қажетті заттарын біреуден тартып алғаннан гөрі, аң аулаумен немесе жинаумен табуы мүмкін деген болжамға сүйеніп, бұл мәселеден құтылуға тырысады. Руссоның пікірінше, бұл жерде мәселе табиғаттың жомарттығында емес, жабайы адамдардың басқалармен көп араласа бермейтін, жалғыздықта өмір сүретін жаратылыс екеніне байланысты. Шындап келгенде, тіпті отбасы да болмас еді. Руссо балалар өз күндерін көре бастағаннан-ақ аналарын тастап кетеді және жабайылар арасында әйел мен еркек арасында тұрақты одақ та болмас еді деп түйіндейді. Отбасын құру үшін аяушылық сезімінің болуы жеткіліксіз.

Руссо жабайы адамның жалғыз өмір сүруінің себебін бір жағынан, табиғат оған жалғыз тіршілік ете алатындай қабілет бергендіктен деп түсіндіреді. Жабайы адам аң секілді күшті әрі жүйрік қана емес, сондай-ақ ауру дегеннің не екенін де білмейді (Руссоның пікірінше, сырқаттар жаман әдеттерге бой алдырудың кесірінен пайда болады), жабайы адам тек құлқынның, жыныстық аңсарын қанағаттандыруды және ұйқысын қандыруды ғана ойлайды, ол аштық пен аурудан қорқады.

Адам атақ пен беделді қажет етпейтін жағдай.

Табиғи жалғыздықта өмір сүрген адам атақ пен беделді түк те қажет етпейді, өйткені оны басқалардың пікірі қызықтырмайды. Шынында да, Руссоның пікірінше, бұл кезеңде сөйлеу қабілеті әлі дамымағандықтан, жабайы адамның пікір қалыптастыру мен өз пікірін айта білу мүмкіндігі шектеулі болмақ. Сонымен бірге, жабайы адам билікке еш қызықпайды. Гоббстың билікті «болашақтағы тілектерді қанағаттандырудың қазіргі құралдары» ретінде анықтағанын бұған дейін айтқан болатынымыз. Алайда, Руссоның пікірінше, болашақтағы тілектерін қанағаттандырудың жолын іздеу былай тұрсын, жабайы адам тіпті өзінің болашақта не қалайтынын да анықтай алмайды. Руссо жабайы адамды қазіргі таңдағы кариб аралына ұқсатады, Руссоның айтуынша, ол «таңертең өзінің мамық төсегін сатып жібереді де, кешке көз жасын көл қылып, оны қайта сатып алуға келіп тұрады, өйткені оның түнде қажет болатынын білмеген еді» (Теңсіздіктің пайда болуы туралы ой, 143). Гоббс пайда табуға, қауіпсіздікке және беделге ие болуға деген ұмтылыстардың соғыс өртін тұтатанын айтқан еді, ал Руссо сипаттаған табиғи күйде бұл ұмтылыстар тым әлсіз немесе тіпті жоқтың қасы.

Дегенмен, Руссоның табиғи күйі салыстырмалы түрде бейбіт сипатқа ие болғанымен, келешекке қатысты үміт ұялата қоймайды. Руссоның жабайы адамы аңдардың билеушісі ролінде болуы да мүмкін, бірақ оның хайуандардан айырмашылығы аздау. Руссо «жабайы адамның жануарлардың кейбірінен әлсіз, кейбірі секілді тым жылдам емес екенін айтады; бірақ барлық жағдайларды ескерсек, ол бәрінен тиімді жаратылған» дейді (Теңсіздіктің пайда болуы туралы пікір, 134). Біз табиғи күй туралы айтқанда



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Ж.Ж. Руссо

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

мақтанарлық нәрсе тек осы ғана екенін біле тұра, Руссо неліктен өркениетті дәуірге көшкенімізге өкініш білдіреді? Оның үстіне мұндай өзгерісті елестету де мүмкін емес. Руссо суреттеген өзгерістің динамикасы қандай? Тіпті болжамдық тұрғыдан қарағанда, біздің сол кезеңнен осы кезеңге қалай келгеніміз анық емес.

Руссо бойынша «Адамның жануардан айырмашылығы»

Руссоның өз тұжырымдарының «ықтимал болжам» екенін мойындаған еді, өйткені, ауысу (өзгеріс) түрлі жолдар арқылы жүзеге асуы мүмкін ғой. Руссоның осы тақырыпта айтқан ойларын біртұтас етіп, жинақтаудың да қиынға түсетінін мойындау қажет. Алайда, Негізгі ой мынада – адамның жануардан айырмашылығы, оның бойында ерекше екі қасиет бар: бірі – ол өз еркін өзі билей алуы, екіншісі – өзін-өзін жетілдіріп отыруы. Көріп отырғанымыздай, Руссо өзін-өзі жетілдіру қабілетін адамзаттық прогрестің және адамның барлық бақытсыздығының көзі деп есептейді. «Осы уақытқа дейін баяндалған табиғи күй адамның тарихқа дейінгі кезеңінде жатыр: яғни ол «еңбек етпей-ақ, тілсіз, үйсіз, шаруашылықсыз, соғыссыз және өзі секілділермен байланыссыз, олардың ешқайсысына зиян тигізуді көздемейтін, тіпті олардың дара тұлға екенін мойындамайтын орманды кезіп жүре беретін» адамзаттың «сәби кезі» еді (Теңсіздіктің пайда болуы туралы пікір, 157). Біз өркениетке апаратын жолға өзімізді өзіміз жетілдіре бастағанда, яғни, тіршілік ету жолындағы күресте, Руссоның айтуынша халық санының өсуімен байланысты туындайтын күресте қажет болатын құралдарды жетілдіре бастағанда аяқ басамыз. Бір қызығы, Руссо дефицитке (тапшылыққа) қарсы алғашқы әрекет – инновация (жаңашылдық) деп есептейді, ал Гоббс бұл әрекетті бәсекелестік деп анықтаған еді. Бұл жерде Руссо, сірә, жабайы адам басқаларға зиян келтіруден тартынатындықтан, олардың көпшілігі қажет заттарды басқалардан тартып алғаннан гөрі, өзі еңбектеніп тапқанды қалар еді деген идеяға сүйеніп отыр.

Дәл осы Инновациялық идеялар, яғни жұмысты жеңілдететін құралдардың жасап шығарылуы – адамның интелекті мен оның бойындағы мақтаныш сезімін оятады.

Тағы бір Жаңаша ой – ынтымақтастық құру идеясы қалыптасады: мүдделердің ұқсастығы топ болып аң аулау сияқты ұжымдық мақсаттарды туындатады. Уақыт өте келе адамдар топ болып өмір сүрудің және ортақ баспаналар салудың артықшылықтарына көз жеткізе бастайды, осы жаңа шарттарда өмір сүру салты «адам баласына тән ең аяулы сезімдерді - ерлі-зайыптылардың махаббаты мен әкелік махаббаттың туындауына түрткі болды» (Теңсіздіктің пайда болуы туралы пікір, 164). Бұл жағдайда тағы бір жаңалық орын алады: адамдарда бос уақыт пайда болады. Ынтымақтастық пен құрал-саймандарды жасау тіршілік үшін аса қажетті тауарларды өндіруге мүмкіндік беріп, дефициттен құтылуға көмектеседі. Енді жабайы адам бұрынғылардың ойына да кіріп шықпаған, өз өміріне жайлы ете түсетін және сән-салтанат қосатын бұйымдарды кезекте, жасай бастайды. Алайда, «бұл, олардың өз мойындарына ойланбастан салған бұғауы еді, сондай-ақ ұрпақтарына қалдырған зұлымдықтың қайнар көзі болатын» (Теңсіздіктің пайда болуы туралы пікір, 164). Неге бұлай? Өйткені адам ендігі кезекте «бүлінген қажеттіліктер» деп атауға болатын нәрселерді жасауды қолға алған еді. Руссо баршаға таныс және шынайы оқиғаны баяндайды. Біз о баста сән-салтанат үшін жасалған заттар болып саналатын нәрселерге тәуелді бола бастаймыз. Қызығы басылған соң, олардан еш ләззат ала алмаймыз, бірақ айрылып қалсақ, қатты құлазымыз, ал бұрын осы заттарсыз-ақ тамаша өмір сүрген едік.

Дәл осы жерден басқа да жағымсыз құбылыстар көрініс бере бастайды: қоғам дамыған сайын сөйлеу қабілеті де дамып, таланттарды салыстыру мүмкіндігі артады. Бұл жағдай мақтаныш, ұят және тәуелділік сезімдерін тудырады. Алғаш рет адамдар жарақаттануға жай ғана зақымдану деп емес, қорлау белгісі ретінде қарай бастайды, ал жарақат алғандар кек алудың жолын іздейді. Табиғи күйде өзгеріс жүре бастағанда, дау-дамай мен ұрыс-жанжал да пайда болады. Бірақ, соған қарамастан, Руссо бұл кезеңді адамзат қоғамының ең бақытты және тұрақты кезеңдерінің бірі - «әлемнің жастық шағы» ретінде сипаттайды (Теңсіздіктің пайда болуы туралы пікір, 167): яғни, бұл кезең - жабайы адамға тән табиғи жалқаулық пен ақымақтықтан өркениетті жаратылыстың мақтанышына апаратын жолдың ортасы. Бұл тұрақты кезең болса да, ол мәңгі тұра бермейді, нағыз қиын кезең ауыл шаруашылығы мен металлургияның ұзаққа созылған даму жолымен басталады. Көп ұзамай жеке меншік пен сот төрелігіне деген қажеттіліктер де туындайды. Бірақ жеке меншік өзара тәуелділікке, қызғанышқа, теңсіздік пен кедей адамдардың құлдығына әкеп соғады. Бірте бірте Теңдік жойылған соң, бассыздық орын алды: байлардың озбырлығы, кедейлердің қарақшылығы мен тонауы, барлық адамның бойындағы шектен шыққан құмарлық табиғи аяушылық сезімі пен әділеттіліктің әлсіз дауысын тұншықтырып, адамдарды ашкөз, мансапқор және зұлым жандарға айналдырды. Күшті мен алғашқы басқыншы өз құқықтары үшін үнемі конфликтіге барады, мұның соңы тек қырқыс пен кісі



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Ж.Ж. Руссо

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

өліміне әкеп соғады. Қалыптасып келе жатқан қоғам ең сұмдық соғыс жағдайына түседі. (Теңсіздіктің пайда болуы туралы пікір, 171-2).

Осылайша, біз алғашқы бейкүнәлік күйінің бір бөлігі ретінде емес, алғашқы жетілмей қалған қоғамның қалыптасуының салдары ретінде соғысқа араласамыз. Осы сәтте «байлар өздеріне қажетті нәрселерден айрылып қалмау үшін, бұрын-сонды адам баласының ойына кіріп-шықпаған, тамаша жоспар құрады; яғни қарсыластарының күшін өз пайдаларына шешетін жоба жасайды» (Теңсіздіктің пайда болуы туралы пікір, 172). Бұл, әрине, бейбітшілікті сақтау үшін әділеттің әлеуметтік нормаларын орнықтыратын жоспар еді; яғни, бұл ережелер барлық адамға бірдей міндет жүктегенмен, көп жағдайда, байлардың мүддесін қорғады, себебі олар өздерінің меншігіндегі мүліктерін сақтап қалуға тырысты. Ақырында өз заңдары мен үкіметтері бар алғашқы азаматтық қоғамдар пайда болды. Сонымен, азаматтық қоғамның қалыптасуы соғыс жағдайына немесе соғысқа жақын табиғи күйге жауап ретінде орын алғанын көріп отырмыз.